

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл  
НҰРПЕЙІСОВ:  
"ҚАЗАҚТЫҢ  
ЧЕХОВЫ"  
4-БЕТ

Қали СӘРСЕНБАЙ:  
"ЖАЗУШЫНЫҢ  
ЖҮРЕГІ"  
16-БЕТ

Рахымжан  
ОТАРБАЕВ:  
"БАС" романы  
72-БЕТ

Сүлеймен  
ШАТҒАН:  
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ  
НАЙЗАҒАЙ"  
12-БЕТ

**Рахымжан ОТАРБАЕВ:**

**«Сіздермен қанаттас өмір  
сүргеніме бақыттымын»**



Қайыржан БАЛЖІГІТ,  
*кәсіпкер*

## ОНЫҢ ОРНЫ ОЙСЫРАП ҚАЛДЫ

Рахымжан ағамен ертеден таныспын. Қашан, қайда тынсқанымыз есімде қалмапты, бірақ, ағалы-інілі болып қуанышымызды бөлісіп, қайғымызды тең бөліп, үнемі қасымыздан табылушы еді. Кейде күркіреген дауысымен «Күйеу келе жатыр» деп алдымыздан шығатын. Бұл да мені іні көргенінен еді.

2012 жылы ағаммен болған әңгіме есіме түсіп отыр. Сөзіміз ел, жер жөнінде болды. Ағамның әңгімесін тыңдай бергім келетін. Сонда «Қайыржан, сенің Жемді Ұлы Жем деп айтатының дұрыс. Ризамын. Жапондар жер көлемі аз болса да өздерін Ұлы Жапония деп айтады. Ал Жемнің жері 800 шақырым. Ақтөбе облысы Мұғалжар тауынан ағып келіп, Кәрі Каспийдің құшағына құламай ма, қарағым-ау? Осы жерде туған азаматтар өз жерін Ұлы деп айтып отырса, ғанибет емес пе?», деп орыстың мықты темекісін тұтатып отырып сөйлейтін еді. Әрі қарай «Төрмұрат батыр», «Қыз Данайдың қырғыны» жөнінде әңгімемізді жалғастырдық. Қыз Данайдың ертеректе атасырылып қойғаны, оған Төрмұрат бабамыздың ғашық болуы тарихта бар. Сонда ағамыз «Мен бұл әңгімеге бала кезімнен қанықпын. Төрмұрат пен Қыз Данай жайында роман жазамын», деді.

2013 жылы ағам хабарласып, «Қайыржан, айналайын, Төрмұратқа барайық. Қыз Данайдың тұрған жерін көрейік. Мен бір романға ұмтылдым» деді. Күзде екі жігітпен бірге келді. Бекет атаға барып, құран бағыштадық. Ары қарай Бейнеуге бардық. Одан шығып, Бекет атаның жерасты мешітіне бардық. Ары қарай Күйкенің төбесіндегі Төрмұраттың моласына жеттік. Сол жерде үш сағаттай далада жүрдік. Ағамыз жердің топырағын ұстайды, біресе таудың құлаған әдемі пейзаждарын тамашалады. Қолына қағаз алып жазған жоқ. Өзімен-өзі жағалап жүрді. Мен тек суретке түсіріп отырдым. Кейін өзінің романында осы ақпараттарды қолданды деп ойлаймын. Міне, «Қыз Данайдың қырғыны» романы



осылай жазылды.

Рахымжан ағамыз ұлы Ермерейдің тойында келінді Таз руынан алып жатқанын айтып, қыз Данайдың да Таз руынан екенін атап, келінін қыз Данайдың сіңілісі көріп, халықтың азаматы болар деген үміті бар екенін айтқан еді. Менің есімімді де романның жазылуына көмегі тиді деп ерекше атады.

Ағамыздың досы көп болды деп айта алмаймын, бірақ, мен жақын араласып, таныс болған жақындарының бірі едім. Дүниеден озарынан 15-20 күн бұрын хабарласып, романды аяқтауға жақын қалғанын айтты. «Өте жақсы шыққандай болды, саған оқытамын», деген еді. Имаңды болсын, бірнеше күннен кейін дүниеден озып кетті. Ажал деген жылағаныңа жібімейді, қиналғаныңа қарамайды. Бүгін оның орны ойсырап тұрады. Ағамыздың жатқан жері жайлы болсын...



Абдилгажан Акматалиевпен бірге, Бишкек 2016жыл



Оқырмандармен кезекті кезгесуге  
2015 жыл